



АЙТЫЛМАСА СӨЗ ЖЕТІМ

ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТ ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛДІҢ «МҰЗЫН» ЕРІТЕ АЛА МА?

Тіл туралы мәселе — төуелсіздік алған күннен бері айтылуда. Бірақ оның жыры біткен емес. Сірә, бітпейді-ау ол Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ пен қазақ ана тілінде сөйлес», «Ширек ғасырда аю да қазақша үйренетін еді» деп сан мәрте ескерту жасағаны да мөлім. Шындық биігінен қарасақ, тіліміз шарасыз күйде деп қара аспанды төндіруге де болмайды. Өсіп-өркеңдеу бар. Ілгері басу да байқалады. Әйтседе, қыруар қаржы бөлініп, «тілдерді дамытуға» жұмсалған шығынды ойлағанда көңіл шіркін пәс тартып қалатыны рас. Бізден басқа қай халық өзінің ана тілін сақтауға, оны өміршең етуге өз топырағында миллиондаған ақша шашып қиналып отыр. Бұл — ұлттық қасіретіміз емей не?



Мәдениет және спорт вице-министрі Е. Сағадиевті құзыретінен айырып болатын «Жас келсе іске» демекші, Қ.Тоқаев мырза келе сала жиындарды мемлекеттік тілде өткізуге күш салып, өлеуметтік желіні қолданып қана қоймай, ондағы халықтың ой-пікірімен де санасып отыратынын аңғартты. Сондай-ақ, барша қол астындағы шежеуніктерге халықпен араласудың бірден-бір төте

жолы өлеуметтік желі екенін ескертті. Бұл көпшіліктің көңілінен шыққан бастама болды. Өйткені халықтың жанайқайының өмен есіктерден өтіп, дптеген жеріне жетуі мұң. Ал өлеуметтік желі — диалог алаңы! Сондықтан жаңа Президенттің жаңаша ойлауы — халыққа қарай бұрылуы десек артық айтқандық болмас. «Сырт көз сыншы» деген тәмсілге сүйенсек, Қ.Тоқаевтың билікке келгенше көп нәрсені көңіл-сарайына жинауы да өбден мүмкін. Таяуда ғана ҚР Президенті Қасым-Жомарт Қ.Тоқаев твиттердегі парақшасына: «Балаларға білім беру үрдісінде басты назарды мемлекеттік тілге, қазақ тіліне беру керек. Орыс тілін де оқыту керек, оның себебі түсінікті. Ал ағылшын тілі өлемдік тіл Одан тыс қала алмаймыз. Бірақ оны кейінірек меңгеруге болады. Сонылайша, үш тілді, болашаққа ашық көзбен қарайтын ұрпақты тәрбиелейміз», — деп жазды. Президенттің бірауыз сөзі күдік ұялаған көңілдерді көктемдей құлпытартып, мұз болған сүңгі ояларды жібітіп жіберді. Бірақ ол сезіміміз іске айнала ма, ол уақыттың қатал еншісінде.

«НұрОтан» құмар ойынына шабуылды күшейтті, бірақ...

Жаһандану заманы — барша әлемді шоғытып тұр. Барша құндылық тек ақиқатпен ғана өлшенетін күйге жетіп. Ақиқатын табып, ақиқаттың термені тапқаннан көрі, жан қинамай оңай жолмен табуға құныққандар саны жылдан жылға артууда. Оңай ақиқатқа күн бола ма, оның арты қайғы-қасіретке ұласады. Қаншама шаңырақ ортасына түседе... Адамның азына оуына басты себепкер — құмар ойын. Оны үлкен қаладар түгілі, шағын ауылдарда да оңай табады. Оның өзі сән-салалы. Автоматты, компьютерлік ойындар. Бес тігетін букмекерлік кеңселер, т.б. көте береді. Алғашында қызықтырып өзіне тарту үшін аз-моз ақша ұтқызытын құмар ойындар, көле-көле құныққан жанды құрдымға итере салады. Арты жылаған ата-ана өңіреген бола-шаға. Бұл қасіреттен қойтсеқ кутыламыз. Ол үшін не істеген абзақ?



Адам баласын еліктіретін осы бір тажап — құмар ойынынан зардап шеккендердің ата-аналары, туыс-туғандары көмек сұрап, «Nur Otan» партиясына көптеген хаттар жолдаған көрінеді. Бірақ тамыры тереңге кеткен букмекерлік кеңселер бой беретін емес тәрізді. Оған құмар ойынды құрдымға жіберуге білек сұбана кіріскен «Nur Otan» партиясы өкілдерінің 6 рет жиын өткізуі айқын дәлел. Енді тек заң баптарына толықтырулар еніп қаңа оңай олжа табуды көздегендерді тұқыртуға болады. Заңға өзгеріс енгізуге сұранған 21 нақты ұсыныс әзірленіп отыр екен. Басқа амал жоқ. 30 Наурыз күні «Nur Otan» партиясының Орталық аппаратында аталған тақырып төңірегінде ауқымды талқылауда осындай ойлар айтылды.

«Nur Otan» партиясының хатшысы Илья Теренченконың бастауымен өткен шараға Парламент Мәжілісінің депутаттары, сарапшылар, қоғамдық институт пен дің БАҚ өкілдері келді және партияның аймақтық филиалдары онлайн режимге қосылды. Сонымен қатар, құмар ойынға құмартып құрдымға түскен ойыншылар мен олардың ата-аналары да қатысты. Олар құмар ойынының қоғамдағы зардаптарын әңгімеледі.

Нұр-Сұлтан қаласының наркология және психотерапия орталығының бірінші санаттағы психотерапевті Ольга Югай ойынқұмарлықтың негізгі себептерін тоқталды. «Алғашқы себебі — адамның өзін жалғыз сезінуіне, екішісі — өзінің өміріне көңілі толмағандықтан, келесісі — оңай олжаға қызығу, содан соң жеке басының әр нәрсеге тәуелді болуға икемділігі, соңғысы — психикалық ауытқушылықтың байқалуынан», — деді ол.

«Ренессанс» оңалту орталығында емін алып жүрген Владислав - құмар ойынның құрығынан шыққан бұрынғы ойыншы өкөк 7 айдан бері букмекерлік орталықтың қарасын көрмеген. 13 жасынан бастап компьютерлік және автомат ойындарды ойнаудан бастаған ол 16 жасында букмекерлік центріңді тұрғылықты ойыншысына айналды. Шамамен 15 миллион көлемінде ақшаны ұттырған көрінеді. Қазір 22 жаста. Замандастарына құмар ойынның маңына жоламауды ескертті. Алқалы отырыс ортақ шешім қабылдады. Ойын орындары мен букмекерлік кеңселердің жарнамасын шектеуді, сыртқы жарнамаларда жариялауды мүлдем тоқтатуды, ойын алаңдарындағы жас санаттарын бақылауды күшейтуді, букмекерлік кеңселердің орналасу орнының тұрғын үйлер мен білім беру ұйымдарынан 100 метр алшақтықты назарда ұстауды, букмекерлік кеңсе ғимаратының ауданын шектеуді, онда ешқандай ішімдік пен тағамдардың са-тылмауын, ломбардтар мен шағын несиө ұйымдарының мұндай центрлерден алшақ орналасуын қадағалауды ұсынды.

Жасқа да шектеу қойылып, 25 жасқа толмаған азаматтарға құмар ойынға тиым салу жағы да айтылды. Өйтседе бір анық нәрсе, құмар ойынға шақыратын орталықтарды жауып тастауға, болмаса олардың жұмысына шектеу қояса шама жоқ. Ол үлкен бизнес бастауы. Оның басында кім отырса да олқы жан емес. Нағыз «Спрут» осы төңіректе жүруі бөк мүмкін «Nur Otan» партиясының қауқары жетпей жатқан шарауға, қарапайым халықтың шамасы қайдан жетеді. Содан кейін ғой ашына-ты... Тек, онымен күресте имандылық пен ізгілік қана жол көрсетпек. Әр адам отбасында бала-шағасын жаманнан жірөңдіріп отыруға тиіс. Исламда құмар ойын харама саналады. Ақшаны ұтқан да, ұтылған да күнға батады. Бұл имамдардың сөзі!

ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағалиновқа ашықхат!

ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚЫТАЙ МЕН ҮНДІНІ ТЕЛМІРТУ КІМГЕ КЕРЕК?

Елімізде туристік бизнес қарқын алмақ. Әрине бұл қуанарлық жайт. Керемет мураларымызды, қасиетті жерлерімізді, қастерлі салт-дәстүрімізді көріп, асылымызды бағалап жатса кім қуанбайды. Келсіңі! Көрсіні! Сол арқылы мемлекет қазынасына ақша құйылып жатса қандай ғанибет! Туризмін даңғыл жолға салып алып, шалқып отырған мемлекеттер қаншама? Біз солардан кембіз бе?..

Бірақ ару-қыздарымызды жалаңаштап, Еуропа стилінде ашық-ашық киіндіріп, шетелдік конактардың алдына шығару — намысы бар қазақ баласына ауыр көрініс. Бұл жарнама жасамақ түгілі, естуге де бет қызаратын іс. Керек десеніз бұл қадам, қыздың ар-ұятымен болашағын баянды еткен қазақ халқын қамза етуге талпыныс... Мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағалинов мырзаның туристік бизнестің елімізге әкелетін тиімділігі туралы мәлімдемесінде (29 наурыз күні) «Қазақ қыздарының сұлулығына таңданған қытай және үнді туристері «Мисс Казакстан» сұлулық байқауына 73 миллион теңге көлемінде ақшалай қаражат төлемек» деген сөзі жүрегіме жебедей қалды. Өйткені өз қыздарымыздың тал мүсінін, аппақ жүзін, омырауын, қыпша белін, ақ балтырын үнді мен қытайға тама-шалатып, оның қайтарымына 73 миллион теңге алатындай не күйге түстік? Рухымыз «өліп», намысымыз «талып» қалды ма? Неткен далада жатқан тегін ақша бұл?! Бәрін қойшы, мұсылмандығымыз қайда қалады сонда? Бұдан өткен қорлық бар ма, жалғанда? Туристік бизнесті осындай қарқынмен дамытуға күш салу — ұлтты жоюға бастайтын таптырмайтын әдіс қой. Жатжұрттың алдында (өнер ғой деп өзімізді алдап), қыздарымызды жалаңаштау — ақылға сыймайтын әрекет. Салт-дәстүрге де қайшы қадам. Мұның тәлім-тәрбиелік мәніне бас қатырып жатқан ешкім жоқтай?! Егер біздің кешегі ел қорғаған батыр бабаларымыз мына маскараны естісе, Ерлан мырзадан бастап бәрімізді шетімізден қашымын осып-осып өтер еді. Тәубәмізге келтірер еді...

Осы мәлімдемелің жалғасында Қожағалинов «Біз туристік бизнесте маңызды кездесу өткіздік, соған орай бүгінгі күні көптеген қытай және үнді туристері осы байқауды асыға күтуде, олар үнемі жаңалықтардан, интернет желілері арқылы бізді бақылап отырады және елімізге келуге асық. Бұдан бұрын «Мисс Нұр-Сұлтан» (бұрынғы атауы «Мисс Астана») байқауын ұйымдастырғанда 400 қытай мен үндіс байқауды тамашалауға келген», — деп жетістікті баян етті.

Құрметті Ерлан мырза, сіздің сүйінші сұраған жаңалығыңыз, тұтас бір ұлтты жойып жіберуге арналған жаспап сөкілді елестейді. Өзгелердің жерімізге тамсануы, қыздарымызға шұқыуы қайбір жақсылық дейсіз? Бірмесеңіз айтшық. Арагідік өткенге де көз жүгіртіп қойған дұрыс-ау. Өткеннен сабақ алған ұтылмайды негізі.

Тоғайбай Нұрмұратұлы деген азаматтың мақаласынан сал ғана үзінді келтірейін: «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың соңына дейін Франция мемлекеті Еуропа мемлекеттерінің ішінде бәрінен жоғары тұрды. Франция ғажайыптары бакталас елдердің қызғанышын туғызып, қалайда француз ұлтын жойып, экономикасын құлдырату үшін сан мыңдаған құйтарық әрекеттерге кірісті. Олар Францияның ғылым мен білімдегі жеткен жетістіктерін оқып, үйреніп немесе жамандап зуре болған жоқ. «Әлемдегі ең сұлу, әрі ақылды, көркем жандар — француз қыздары» деген аңыз шығарды. Содан, әлемнің барлық алаяқ еркектері, ақшасы барлары, көркіне сенгені, ұры-жары, залым, сұрқиялары ағылып келіп француз қыздарын қатын қылды. Француз басшыларын өтірік мақтады. Маз болған басшылар: «Біз әлемдегі ең толерантты, тыныш, ынтымағы жарасқан, қарқындал дамыған еліміз» деп келімсектерге баспана, жұмыс берді. Келімсектер француз қыздарының бірін алып, бірін салып, анада бір бала, мынада екі бала қалып жатты. Әйгілі Франция ақырында ажырасқан қатындар мен шата, метис, дүбара балаларын еліне айналып шыға келді. Бір ғасырға жетпей ұрпақ азды, ұлттық құндылық құстаналанды, француздар баяғы атак-абыройдан жұрдай болды. Әйел азған соң ел тозады. Осы күні бірде-бір елдің еркегі: «Француз қыздары — әлемдегі ең сұлу қыздар» деп өлсе де айтпайды. Қазір Францияда салт-дәстүрін, ұлттық қадір-қасиетін сақтаған таза француз өте аз. Олар мұны жасырмай ашық жазып жатыр». Бұл айтқаныңыз Еуропа ғой десеніз, Азияға да оралайық. «Азиядағы Тайланд та Францияның кебін киді. «Азияда тайлық қыздар керемет сұлу» деген аңыз тарады. Өткен ғасырларда Азияны дүр сілкіндірген батыр да жаужүрек тайлықтардың ұрпағы еркегіт маскүнем, қыздары лесбианка, жезекшілерге айналды. Америка, Еуропа еркегі тай қыздарын елдеріне апарып ермек етті...». «Тарих қайталаналды» деген осы болар. Ендеше сақтансақ керек-ті...

Ерлан мырза, осы мәлімдемеліңіз арасында «Қазіргі уақытқа сәйкес «KazakhstanTourism» ұлттық компаниясын құру дұрыс деп есептеймін. Себебі біздің елімізде туристік бизнес Америка, Ресей, Еуропа елдеріне қарағанда артта қалған» дейсіз. Иә, бұл бұл сөзіңізбен қос қолымызды көтеріп келісеміз. Тек, сіз дәріплетен ұш мемлекетке, түбідің бір Түркияны да қоса кеткіміз келеді. Олардағы туризм Ресейден көші ілгері...

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ». Бізде туризмді жандандыруға бәрі бар. Тарихи жерлер де, көне жәдігерлер де жетерлік. Тек соны үйіріп әкетуге жүйелі істер мен ыстық ықылас қана жетпейді... Сіздің мәлімдемеліңіз түйсінгенім, Мәдениет министрлігі «Қазақстан аруы» байқауын елімізде өткізуді ұйымдастырып жатқанға ұқсайды. Сондай-ақ байқаудың қорытындысы 2019 жылдың шілдесінде Нұр-Сұлтан қаласында өтпек. «Байқауға қатысуға жұмсалған қаражат шамамен 73 млн. 200 мың теңгені құрайды, бұл қаражат «осы жылы және келесі кезекті жарыстарға қатысатын туристердің есебінен төленетін болады» депсіз? Қыруар ақшаның тез қайтарына сеніміңіз мол сияқты? Демек, қазақ қыздарына «ынтазар», олардың жүріс-тұрысына, бітім-болмысына «сілкейіп шұбырған» шетелдік туристердің көптігіне ырза жансыз?!... Сізге жала жабудан аулақпын. Бірақ мына сөзіңіз «ырзалығыңызды» айқындап тұр! «Олар біздің қыздарымыздың сұлулығына тамсануда және бұл жағдайды біз дұрыс деп есептейміз» деп барша қазақ халқы атынан сөзіңізді түйіндеп жіберген жоқсыз ба? Егер көптің атынан байқамай айтып қалсаңыз, халықтан кешірім сұрағыныңыз абзал. «Адақанның айыбы жоқ, қайтіп үйірін тапқан соң» дейді емес пе! Ерлан мырза, Қазақтың жалынды азаматы ретінде, сырт көзден қарындасыңыз бен қызыңызды, әпке-женегелеріңізді қызғанбайсыз ба? Қызғансаңыз, «Әр қазақ менің — жалғызым» деп сөйлеуіңіз керек еді ғой!...

Бетті дайындаған — Нағашыбай Қабылбек

ОҚЫРМАН САУАЛЫНА ОРАЙ Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін кім нені білуі керек?

Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 27 ақпанда өткен «Nur Otan» партиясының съезінде көпбалалы отбасылар мен аз қамтылған қазақстандықтардың тұрмыс жағдайын жақсарту бойынша бірқатар тапсырмалар берген болатын. Яғни, халықтың өлеуметтік жағдайын түзеу мақсатында сәуірдің 1-нен бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетіле бастауы керек. Осы орайда, ҚР Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрлігі халық тарапынан туындаған бірқатар сұрақтарға нақты жауап берді.

Ең жиі қойылатын 10 сұраққа жауап

1. Атаулы әлеуметтік көмектің жаңартылған форматына өтініштерді қабылдау қашан басталады және өтінішті қай жерге барып беру керек? Жаңартылған атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге өтініштерді қабылдау 2019 жылғы 1 сәуірден басталады. Ол үшін тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығына немесе халыққа қызмет көрсету орталығына бару қажет. Егер отбасы ауылдық жерде тұрса — кент, ауыл, ауылдық округтердің әкімдеріне жүгінеді.
2. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін қандай құжаттар қажет? Өтініш беру және сәйкестендіру үшін тек жеке куәлікті ұсыну қажет. Басқа құжаттар қажет емес.
3. Жәрдемақыны толық мөлшерде алу үшін құжаттарды сәуір айының басынан беру қажет пе? Жоқ, міндетті емес. Атаулы әлеуметтік көмек өтініш білдірген айдан бастап тағайындалады және өтініш берген күнге байланысты емес. Мысалы, егер Сіз құжаттарды уақыттың ортасына 20 сәуірде тапсырсаңыз, онда төлемді де толық көлемде бір ай үшін аласыз.
4. Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелу қажет пе? Иә, қажет. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін тұрғылықты мекенжай бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу болуы қажет.
5. Жәрдемақыны есептеген кезде біре тұратын туыстардың барлық табыстары есепке алынатыны рас па? Бұл норма қайта қарала ма? Атаулы әлеуметтік көмекті 2019 жылғы 1 сәуірге дейін тағайындалған кезде отбасының бірге тұратын, ортақ шаруашылық жүргізетін барлық мүшелері есепке алынады. Алайда, Министрлігі «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» ҚР Заңына отбасы құрамын нақтылау бағалығын толықтырулар енгізуде. Осылайша, 2019 жылғы 1 сәуірден бастап отбасының құрамында тек жақын туыстар, яғни ата-ана, балалар, бала асырал алушылар, асырап алынған бала, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек бауырлар мен апа-қарындастар, ата, әже, немерелер есепке алынады.
6. Жәрдемақы алу үшін отбасының бір мүшесінде қандай табыс болуы тиіс және жәрдемақының мөлшері қандай? Егер отбасының бір адамға шаққандағы айлық табысы 20 789 теңгеден аспаса, отбасыға атаулы әлеуметтік көмек төленеді. Бұл ретте көмектегі төлмеген балаларға 20 789 теңге мөлшерінде, ал ересектерге отбасының жан басына шаққандағы табысы мен АӘК критерийлерінің мөлшері арасындағы айыр-ма төленеді.
7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есепке алына ма? Иә, отбасының жиынтық табысын анықтаған кезде жеке қосалқы шаруашылық ескеріледі. Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыс Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-е бұйрығымен белгіленген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға ұмтылғар адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларына сәйкес есептеледі. Қағидаларда ел өңірлерінің климаттық ерекшеліктерін ескере оты-

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ҚР Президенті Қ.Тоқаев:

Қазақтың тілі — қазақтың жаны

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiaun» газеттерінің өкілдері Нұртөре Жүсіп пен Дархан Қыдырәліге сұхбат берді. Тілшілер сауалына жауап берген Қасым-Жомарт Кемелұлының қадау-қадау ойларын назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

1. Менің де Президент ретіндегі негізгі ұстанымым мен өмірлік көзқарасым ұлт көсемі Н.Назарбаевтың ұстанған бағытынан ауытқымайды. Елдің өркендеуі кепілдігі мемлекетшілдік пен дәстүр сабақтастығында және оған деген құрмет пен адалдықта жатыр. Осыз ешқашан тұрақтылық та, даму да болмайды.

2. Екінші ұстанымым — әділеттілік. Бұл жылғы адамзаттық әрі дала демократиясынан бастау алатын, ата-бабамыздан дарыған, ежелден қанымызға сіңген құндылық. Оны жоғалтып алу — адамзат үшін де, ұлт үшін де өзін-өзі жоғалтып алумен бірдей. Әділеттілік салтанат құрмаған қоғамда тек қайшылық, қиыншылық, құлдырау үстемдік ететіні белгілі.

3. Үшінші ұстанымым — тек алға басу, даму жолымен жүру. Біз өмір сүріп отырған дәуірдің табиғаты мың құбылмалы. Жаһандық бәсекелестік жағдайында өз мүддемізді қорғауға, өз мақсатымызға жетуге ұмтылмасак, жедел алға баспасақ көп нәрседен ұтыларымыз анық. Мына дәуір еркерлікті, жалқаулық пен масылдықты, немісқайлықты көтермейді.

4. Өнеркәсіптік революция кезеңінде, жоғары технологиялық, цифрлы кәсіптік жаһандық дамудан он жыл арта қалсақ, жүз жыл оның орнын толтыра алмайтынымызды естен шығармайық. Біздің ендігі міндетіміз — тура жолдан, дұрыс бағыттан ауытқымай, тек алға басу, өсу, өркендеу. Кері кетсек, тарих та, болашақ ұрпақ та бізді кешірмейді.

5. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі өсіп-өркендеуі, ертеңгі дамуы

келешегі Назарбаев есімімен тығыз байланысты. Біз биліктің ауысуын тұрақты жағдайда өткізе білдік. Сол арқылы әлемге өркенітті ел екендігімізді, жұртымыздың саяси мәдениетінің жоғары екендігін дәлелдедік. Кейбір мемлекеттердегідей алға шығып, шу көгерген жоқпыз. Бәрі заң шеңберінде өтті. Мен де осы бағыттан ешқашан таймаймын және ешқандай «екіүдайлыққа» жол бермеймін.

6. Байқасаңыздар, біздің кейбір шенеуніктерімізге жетпей жататыны — қарапайымдылық, адами қарым-қатынастар. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деп халық бекер айтпайды. Оларға осы сөз бойтұмар болуы тиіс. Ал біздің шенеуніктері халықпен кабинетінің немесе қызметтік көлігінің терезесінен ғана араласқанды көш көрсетпейді. Әкімдерді жинаған кенесте мен бұл әдетті тыюды қатаң ескерттім.

7. Мемлекеттік басқару академиясының базасында арнаулы курстар ашып, оларға халықпен белсенді қарым-қатынас жасайтын шенеуніктерді жіберу керек деп ұйғардым. Әкімдерге халықпен қарым-қатынастың жаңа форматына көшуді, ашық және шұғыл әрекет етуді тапсырдым.

8. Жемқорлық соғ

қоғамдық санаға сына қағатын қасірет. Бүгінде жемқорлық қоғамдық өмірдің көптеген тұстарын жайлағаны асырын емес. Үкіметтің онымен заң аясында күресіп жатқаны азық етеді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, жемқорлықты жеңу үшін тек қана қатаң жаза ғана емес, жан-жақты кешенді іс-әрекеттер қажет. Жемқорлықпен күрес ымырасыз жүруі тиіс және бұл тек Үкіметтің ғана емес, әрбір адамның міндетіне, керек десеңіз парызына айналуы тиіс.

9. Жастардың лайықты білім алуына, алаңсыз жұмыс жасауына теңдей мүмкіндік берілуі қажет. Ауыл мен қылағай жас азамат үшін де, лауазым-

ды, ауқатты немесе қарапайым шаруа отбасының баласы үшін де әлеуметтік лифтің есігі кедергісіз ашық болуы керек. Айналып келгенде, әлеуметтік теңдік дегеніміз — осы.

10. Мемлекеттік қызметке тағайындау барысында меритократия принципін ұстанған жөн. Азаматтарды тек біліміне, қабілетіне қарай тағайындау талабы қағаз бетінде қалмай, іс жүзінде орындалуы қажет.

11. Мұнай кірістеріне тәуелділікті азайтуға, ұлттық қордың активтерін тұрақтандыруға және оны сақтау ісіне басымдық беріледі. Бюджет қаржысы экономикалық жағынан маңызды әрі табыс әкелетін салаларға жұмсалуды керек.

12. Ұлттық қордан өте көп қаржы жұмсалды. Ендігі кезекте трансферттер көлемін біртіндеп азайтқан жөн.

13. Халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс сапасын жақсарту ешқашан күн тәртібінен түспейді. Мысалы, көпбалалы аналардың жағдайы жалпы әлеуметтік саланың барометрі болып табылады. Дені сау анадан дені сау ұрпақ туады. Сапалы медициналық көмек, лайықты білім алған баладан отаншыл, мықты азамат шығады.

14. Шетелдегі қандастарымызды («оралман» деген сөзге мен қарсымын) Атамекенге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да.

15. Азаматтарды ең алдымен толғандыратын мәселе — баспа. Осыған байланысты әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар үшін 40 мыңнан астам жал-

дамалы пәтер бөлу қарастырылып отыр.

16. «Құтты мекен» және «Ауыл — ел бесігі» жобалары осы міндеттерді орындауға бағытталған. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін алдағы үш жылға триллионнан астам теңге қарастырылып отыр.

17. Азаматтарымыз үшін ең ұтымды әлеуметтік қорғау — бұл өз бизнесін жүргізуге мүмкіндігінің болуы немесе білікті еңбегі үшін лайықты еңбекақы алуы. Тұңғыш Президент 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады. Жас ұрпақты қолдап, қорғау — болашақты қорғау. Биыл «Жастар — ел тірегі» арнаулы әлеуметтік жобасы іске қосылды.

18. Ең алдымен, қазақ тілін және орыс тілін оқыту жүзеге асырылуы тиіс. Біздің балаларымыз үшін мұның мәні зор. Содан кейін ағылшын тілін үйретуге болады. Осылайша, біз болашаққа ашық көзбен қарайтын жана ұрпақты тәрбиелейміз.

19. Әлем бізді бітімгер мемлекет ретінде таныды. Көпекторлық стратегия алдағы уақытта да Қазақстан дипломатиясының басым бағыты болып қала береді.

20. Мемлекеттік тілді дамыту мәселесіне келсек, қазақтың тілі — қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да — тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де — тілінде. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Мәнінше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады. Осы тұрғыда, балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажет.

21. Латын әліпбиіне көшу кезеңінен жалғаса береді. Нақты белгіленген кесте бар. Сол жүйеден ауытқымаймыз.

Ықшамдаған — Ермек Сахариев

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

ҚР Президентінің назарына

Әділетсіздік

кәсібімді тұралатып тұр

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Сіздің есіңізге осыған дейін 4 адамнан құралған 26.09.2002 жылғы сот комиссиясы көршім З.П.Афанасьеваның 20.04.1998 жылғы жер таңдау және келісу актісінің шекарасын «заңсыз» деп, ал маған 10.11.1998 жылғы берілген жер таңдау және келісу актісінің шекарасын «заңды» деп шешім шығарып, жер дауын көтерген үш көршінің жерлерінің шекарасын біржолата заңдастырғандығын тағы да сіздердің назарларыңызға ұсынуға мәжбүр болып отырмын. Төмендегі заңды құжаттарға назар аударсаңыз:

1. Маған 0,0732 га жерге құқық берген мемлекеттік актінің шекарасына дейінгі шекара ғана қаралды. Осылайша қалалық әкімшілік және жер қатынастары басқармасы өз қалдарымен мемлекеттік актіні жарамсыз етті.

2. Үш көршінің жерлерінің шекарасын заңдастыруға негіз болған 10.11.1998 жылғы жер таңдау және келісу актісінің шекарасына, яғни асфальт жолдан 5 метр кейінге қойылған сауда павильонымыз келіп қорған жер инспекциясы қолыма «изменит целевое назначение» деген № 158 03.12.2004 жылғы нұсқауды берді. Осы нұсқауды орындау мақсатында 10.11.1998 жылғы жер таңдау және келісу актісінің шекарасымен мемлекеттік акт беруді сұрадым. Алайда жер қатынастары басқармасы 26.09.2002 жылғы соттағы өз шешіміне қарсы шықты. №164 15.03.1999 жылғы бас жоспарда АОДТ мекемесінің жазбаша келісімі және мекеме штампты бір екенін біле тұра, әдейі қастандықпен осы мекеменің жер асты телефон желісін сылтауратып №5/684 14.10.2005 жылғы қаулыны берді. Осы себепті қала әкімін сотқа бергенімді сот Б.А.Қатықбаевтың 14.08.2006 жылғы ұйғаруынан көріп отырсыз.

3. Осыдан соң:

а) Жер қатынастары басқармасы өздері жоғалтқан мемлекеттік актінің 02.09.2006 жылғы бұйрығымен берді.

ә) № 3Р-06-3-4743 10.10.2006 жылғы тапсырысты қабылдады.

б) Ал №14122 17.08.2007 жылғы жауапта №3Р-06-3-4743 тапсырысты орындау үшін көршілермен бұзылған шекара туралы келісімге келуі керек екенін жазған.

г) Алайда менің жеріме кіріп, құрылыс жасаған Т.Топашевтың шекарасына келісуге болады, ал екінші көршім З.П.Афанасьева шекарасымен келісу мүлде мүмкін емес. Себебі: үйімнің 3 терезесі көршінің жерінде қалып, ал жаққа бара алмай отырмын. Бұл үшінші қастандық.

4. Алайда жер қатынастары басқармасы осы жер дауын шешудің орнына әділетсіздік жасап, 05.09.2012 жылғы сот шешімін менің № 8716 22.08.2012 жылғы қарсылығымға қарамастан қабылдады.

Сот үшін:

а) 26.09.2012 жылғы сотта мемлекеттік актінің шекарасы емес, 10.11.1998 жылғы жер таңдау және келісу актісінің шекарасының заңдастырылғанын жасырды.

ә) №158 03.12.2004 жылғы нұсқаумен ашылған сауда орындарына 2005 жылдан бері мемлекетке салық төлеп келгенімді жасырды.

б) 02.09.2006 жылғы мемлекеттік актінің дұбықатын 02.11.2006 жылғы яғни № 3Р-06-3-4743 тапсырыстан кейін берілді деп жазған сот шешімін шығарды.

г) № 3Р-06-3-4743 10.10.2006 жылғы тапсырысты жасырды.

д) №14122 17.08.2007 жылғы жауаптағы мойындаған көршілермен келіспеушілікті жасырды. Осы алаяқтықтарды тіркелген құжаттардан және 05.09.2012 жылғы сот шешімінен көріп отырсыз. №ЖТ-11-887,2 хатман көріп отырғаныңыздай, Жоғарғы сотқа және бұрынғы Елбасы Н.Назарбаевқа жазған хаттарымнан ешқандай нәтиже шыққан жоқ. «Елбасының саясаты орындамай жатыр» атты мақалында Н.Назарбаевтың лауазымы шенділерге, кәсіпкерлерге қалдау көрсетуге тапсырма бергендігін алға тартып, шенеуніктердің президент тапсырмасын орындамай, керісінше кәсіпкерлерге кедергі келтіргенін ашына жазған едім. Содан бері ештеңе өзгерген жоқ. Кәдімгі қазақ айтқан: «Иті итті, ит құйрығын жұмсайдының» кері батып тұр. Мен Елбасы сөзін арқаланып, үйімді, жерімді, сауда орындарым заңдастырып, келісімге салып, несие алдым, бірақ, шенділердің немісқайдылығынан қасақана кедергі келтіруінен жеке кәсібімді дамыта алмай отырмын. Ешкімнен қалдау таба алатын емеспін. Сізден осы мәселені әділетті түрде шешуге көмектесуіңізді өтініп сұраймын.

К.Ж.Нұрсейсов

Ректормен жүзбе-жүз кездесу

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, профессор Такир Оспанұлы Балықбаевтың өз қоластындағы қызметкерлері мен студенттерінің ой-пікірлерін, өтініш-тілектерін уақытылы тыңдап, ескеріп отыратыны өзгелерге өнеге боларлық жақсы тәжірибе деп ойлаймын. Ректор үнемі оқу аудиторияларын, студенттер жатақханаларын аралап, білім алушы жастардың жағдайын қадағалап отыруды дәстүрге айналдырған. Студенттермен, магистранттармен және докторанттармен жиі кездесіп, олардың мұң-мұқтаждарына құлақ асып, көкейкесті мәселелерін шешуге қамқор болып отыру Такир Оспанұлының тұла бойындағы, жан дүниесіндегі ізгі қасиеттерінің бірі деуге болады. Ол гіпті студенттерді жеке мәселелері бойынша қабылдап, көмектесіп отырудан да жалыққан емес. Ректордың тікелей қамқорлығымен көпбалалы отбасыларынан шыққан балаларға, жетім немесе жартылай жетім, мүгедек студенттерге көрсетіліп отырған әлеуметтік көмек қаншама?! Жастардың денсаулығын нығайту, олардың алаңсыз оқып білім алуына, спортпен, мәдени-көпшілік шаралармен, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау — ректордың басты назарында.

Жуырда ғана Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткізілген «Ректормен бетпе-бет жүздесу» — «Open space» жобасы бұрын-соңды болмаған ерекше бастама болды деп бағалауда көпшілік. «Open space» форматы бұл — кез келген жеке немесе қоғамдық мәні бар мәселелерді ашық алаңда талқылап, оны жауапты тұлғалардың қатысуымен шешу деген сөз. Сондықтан бұл кездесуде студенттер мен олардың ата-аналары өздерінің көкейкесті мәселелерін, ұсыныс-тілектерін тартынбай ортаға салды.

Бұл кездесудің болатыны туралы университет сайтында бірнеше күн бұрын хабарланғандықтан оған қатысуға алдын ала тіркелгендер өте көп болды. Әрине, көпшілікті толғандырған мәселе сан алуан: біреулер отбасылық, тұрмыстық жағдайларын айтып, оқу ақысына жеңілдік жасауды сұраса, енді біреулер мамандықтан-мамандыққа ауыстыруды, тағы біреулер

жатақхана жағдайын жақсартуды және келесі бір студенттер оқу үдерісіне қатысты мәселелерді көтеруі заңды. Сондықтан ректор Т.Балықбаев құрылымдық бөлім басшыларына өз салалары бойынша сұрақтарға жауап беруді тапсырған еді. Енді, міне, келушілердің мәселелері сала-сала бойынша сараланып, жауапты адамдар студенттер мен ата-аналарды қабылдады. Ал ректор тікелей өзіне қатысты мәселелер бойынша келушілерді тыңдап, өтініштерін табан астында шешіп беріп отырса



да, барлық өтініш нелерінің талап-тілектерін тегіс қамтуға тырысты.

Ректормен бетпе-бет кездесуге келген студенттер мен ата-аналар мәселенің дұрыс шешіміне қанағаттанып, көтеріңкі көңіл-күймен қайтып жатты. Әрине, шешімі бірден табылмайтын сұрақтар да аз болмайтыны белгілі. Сондықтан университет басшысы бұл мәселелердің бәрін жинақтап, саралап, тиісті құрылымдық бөлім басшыларына тапсырмалар берді. Олардың әрқайсысы алдағы уақытта ректорға мәселенің қалай шешілгені туралы ақпарат беруге міндеттелді.

Ел арасында «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген ұлағатты сөз бар. Үнемі қоластындағы қызметкерлері мен шәкірттерінің арасынан табылып, олардың мұң-мұқтажына дер кезінде көңіл бөліп отыратын ректор Т.Балықбаевтың бұл ісін зор адамгершілік деп білуіміз керек.

Мырзахан Ахметов,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Қоғаммен байланыс бөлімінің бастығы